

Бекарыс ШОЙБЕКОВ

ЖАСАМПАЗ ЖАЗБА АЙТЫС

В статье передано сегодняшнее положение айтиса рассматриваются особенности его развития. В особенности анализ схожести и различия письменного айтиса Южно-казахстанской области и Сырдарьи.

Makalede yazılı atışmanın şimdiki durumu ve onun gelişme özellikleri ayrıntılı olarak incelenir. Yazar özellikle Güney Kazakistan ve Sirderya boyundaki yazılı atışmaların benzerlilikleri ve ayrıntıları üzerine duruyor.

Зерттеушілердің айтуына қарағанда жазба айтыстың қазақ әдебиетіндегі ең алғаш туын тіккен жері - Оңтүстік өнірі. Орта ғасырларда бермен қарай бұл өнірде жазба айтыстың неше алуан үлгісі жасалды. Соң үлгілердің жарқырап көрінген тұсы – Кенестік дәуір. Оңтүстік өлкесіндегі жазба айтыстың үлкен бір кезеңі жиырмасының ғасырдың екінші жартысы екенін де жақсы білеміз. Олай болатыны жиырмасының ғасырдың бірінші жартысында суырып салма ақындық дәстүрдің үлкен өкілдері өмір сүрді. Олар айтыс өнерін өздері өмір сүріп отырған аймақ көлемінде қарқынды түрде дамытты. Сол аталған ғасырдың екінші жартысындағы жазба айтыстың жаңадан косылған өкілдерінің саны жүзден асып жығылады. Әрине олардың барлығын бірдей кәсіби ақындар дей алмаймыз. Дегенмен бұл осы өнірде жазба айтисқа деген қызығушылықтың әлі күнге дейін жалғасып келе жатқанын көрсетсе керек. Солардың бірқатарын атап өткеніміз жөн болар. Олар: Қадыр Әмзеев, Бағдат Мәмбетов, Куаныш Баймағамбетұлы, Жарқынбек Наушабаев, Орынбасар Сұттібаев, Баян Тіленшина, Құдайберген Әтемов, Әбдібек Аралбайұлы, Рұстем Бекзат, Мақсат Қорғабай, Мұхтар Маханов, Фарида Абжал, Зияда Исатайқызы, Гүлнұр Нұрғалиқызы, Айгүл Төребекова, Елтай Дәүменов, Амангелді Тұрмаханбет, Бегаман Сұлтаев, Темірхан Әбдіков, Қырықбай Аралбаев, Құдайберген Төлешов т.б.

Біз аты-жөнін атаған ақындар – “Оңтүстік Қазақстан” газеті бетінде кейінгі жылдары жарияланған жазба айтис өкілдерінің бір тобы ғана. Бұлардың көпшілігі жас шамасы жағынан жиырма мен отыздың арасындағы жастар. Сонымен бірге олар аталмыш облыстың Төлеби, Ордабасы, Сайрам, Отыrap, Сарығаш, Созақ, Бәйдібек аудандарында тұрады. Бұдан шығатын қорытынды – жоғарыда атап өткендегі жазба айтыстың өкілдері жергілікті жерлерден шығып отыр.

Жазба айтис Оңтүстік Қазақстан өнірінде бүгінгі күннің өзінде де дәстүрлі түрде дамып келеді. Қайта күру кезеңінің орта тұстарында аталмыш өнер өзінің бұрынғы даму ырғағынан айрылып қалғандай болып еді. Соңғы 3-4 жылдың ішінде қайтадан белен алғып, оның жанрлық түрлері де молая түсті. Бұған әсер еткен осыдан он бес-жиырма жыл бұрынғы суырып салма ақындардың жұмбак айтисқа барынша ден қоюы еді. Жұмбак айттыстың

құрылымының қыннан қысыуы, әрі логикалық тереңдікті қажет етуі жергілікті жазба ақындардың қатты қызығушылығын тудырды. Мұндай жұмбак түріндегі жазба айтыс әсіресе “Сыр бойы” және “Оңтүстік Қазақстан” секілді облыстық газеттер бетінде, сондай-ақ, сол өнірлердегі аудандық газеттерде де үзбей жарияланып келеді. Сол жазба айтыстар ішінде бірнеше ақындардың тосыннан қосылып, айтыстың композициясын құрделендіріп жіберетін тұрларі де жиі кездеседі. Бірақ бұл құрылышы жағынан ерекше назар аудартқанымен сол айтыстардың даму денгейі бірдей емес.

Аталмыш өнірдегі қазіргі жазба айтыстардың жұмбак түрінен басқасы тоқырады деуге де болады. Себебі жергілікті жазба ақындардың белгілі бір тақырыпқа арналған айтыстарын үйымдастыруды қай ауданның басшысы болсын қолдан жасай алмайды. Сондықтан өлкелік жазба айтыстардың өзінің кеңестік дәуірдегі қарқынанан айрылып қалуы занды құбылыс.

Тап қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстан өлкесінде жазба айтыстар өзінің дамуын саябырытты. Шындығында өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан кейінгі уақытта суырыпсалма ақындар айтысының күрт дамып кетуінен жергілікті жазба ақындар мен өлеңшілердің жазба айтысты дамытуына мүмкіндігі болмай қалды. Ал, кеңестік дәуірде айтыстың негізгі түрі аралас жазба айтыс болғаны баршаға мәлім. Сондықтанда, кезінде зертеушілер былай деп жазды: “1964-жылы үш облыстың ақындары (Қызылорда, Шымкент, Жамбыл) бас қосқан халық ақындарының өлкелік айтысы – осының бәрі-бәрі айтыс жанрының өзінің занды даму жолымен тоқыраусыз, үздіксіз өсіп отырғанын көрсетеді. Қысқасы айтыс сайысы неғұрлым жиі болса, соғұрлым оның даму арнасы кеңейіп, қарт ақындардың творчестволық өрлеуіне, жас таланттардың өсуіне толық мүмкіндік бермек. Бұл фактілер, сөз жоқ, қазіргі айтыстың тамыры терен, өрісі кең, келешегі мол өнер екендігінің тағы бір айқын сипатын танытса керек”.[1]

Осындағы қарт ақындардан кейінгі буын ретінде айтылып отырған ақындар суырыпсалма айтыстың өкілдері емес. Олар импровизация тудырған айтыстың шеттетілген кезінде әрі жазып, әрі тосыннан шығарып айту дәстүрін дамытқандар.

Бұгінде Оңтүстік Қазақстанда аралас жазба айтыстың жүрнағы ғана қалды деуге болады. Әрине, бұл уақытша құбылыс. Жоғарыда жұмбак түріндегі жазба айтыстың қайта тіріле бастағанын айттық. Солардың кейбіреулерінде Нұржан Наушабаев пен Сапарғалидың айтысындағы жұмбақпен бастап, жұмбақпен бітіретін үлгілері де кездесіп қалады. Әрі оларда жұмбақтың стилі де біршама сақталған.

Жұмбак түріндегі жазба айтыстың бұдан басқа да алуан тәсілдері болған. Оны Сәбит Мұқанов былай топтайды: “Айтыс жанрындағы кең саланың біреуі – жұмбақпен айтысу. Бұл айтыс екі түрлі болады. Бірсүі – екі

акын жұмбақсыз жай айтысып отырады да ара-тұра жұмбақпен сұрау беріп, жұмбақпен шешеді, екіншісі – айтысты жұмбақпен бастап, жұмбақпен бітіреді.

Жұмбақ айтысында да мазмұны жағынан бұрынғы жұмбақ айтыстарын қайталау ұшырасады, ал түр жағына келгенде бұрынғы жұмбақтардың түрін айтушылар аз қолданады” [2].

Жоғарыда есімдері аталған ақындардың айтысы өзара жауаптасу түрғысында болып келеді. Және олардың көлемі де едөуір. Бір қызығы осы айтыстарда кенес дәуірінің 60-70 жылдарындағы жазба айтыс үлгісі көбірек байқалады. Әрі олардың кейбіреулерінде өз рулярындағы мақтаныш тұтатын азаматтардың есімдері де аталып қалады. Демек, он сегізінші, он тоғызыншы ғасырлардағы өзі шыққан рудың мұддесін ғана көздейтін дәстүрдің ұшығы байқалып қалады. Міне, осылайша ақындар айтыстың ежелгі үлгілерін жазба айтыс арқылы қайта жаңғыртуға күш салып жатқандай болып көрінеді. Біздінше бұл соншалықты құптарлық құбылыс емес. Өйткені бұл арада тек қана айтыстың ұмытылған белгілерін тірілту мақсаты көзделмеген.

Онтүстік Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі жазба айтыска қатысушиладың барлығы дерлік жергілікті өнірден шыққандар. Әрі олардың көбісі ақпарат құралдары мен жергілікті мәдениет, ағарту саласында істейтіндер. Олардың арасында еңбек демалысында отырған карт кісілер де бар. Мұндай кісілер көбінесе жұмбақ айтыска қатысада. Соған қарағанда жұмбақ түріндегі жазба айтыс қарапайым адамдардың өмір жайындағы философиялық толғаныстарын жеткізудің көркемдік тәсіліне айнала бастағаны байқалады.

Біз мақаламызда тек Онтүстік Қазақстан облысы кеңістігіндегі жазба айтыстың қазіргі көріністерін әнгімеледік. Ал, жазба айтыска Қызылорда облысының жұртшылығы қалыпты мән беріп отыр. Осындағы облыстық “Сыр бойы” газетінде жазба айтыстардың өте қызықты түрлерінің жарияланып жатқанын айтудың керек. Жазба айтыстың ежелден қалыптасқан жанрлық белгілері сол күйінде қайталанып отыратын айтыстар әсірссе, қызылордалық ақындар арасында жиі кездеседі. Тағы бір айта кететін нәрсе шымкенттік ақындар мен қызылордалық ақындардың айтысында өзіндік ерекшеліктер де бар. Біріншіден айтыска қатысушилардың құрамына қарасақ, қызылордалық ақындардың көпшілігі кешегі кеңестік дәуірде де аралас жазба айтыстың “дәмін” татып көргендер. Әрі өмірден көргені де, көкейге тоқығаны да мол адамдар. Ал, шымкенттік жазба айтыс ақындары ішінен жұмбақ айтыска көбіне егде тартқан адамдар қатысып отырған. Сондықтан жазба айтыс негізінен жұмбақ түріндегі жазба айтыска мойнын көбірек бұрып түр дей аламыз. Осыдан-ақ жазба айтыстың табиғаты суырыпсалма ақындар айтысы табиғатынан мұлдем бөлек екені сезіледі. “Сыр бойы” газетінде жарияланған жазба айтыстардың философиялық мәні теренірек. Үлкен әлеуметтік мәселелер сөз болады.

Мұнда да белгілі бір зандалық бар. Сыр өнірінде Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, тағы басқа ақындар қалыптастырыған жазба айтыс дәстүрі жалғасып отырған. Оған кеңестік дәуірде де аса көп нұқсан келе қойған жоқ. Бұл дәстүр жалпак республика жұртшылығына кеңінен тарамағанымен сол ақындар өмір сүрген аймақтарда сакталып келді. Ал Онтүстік Қазақстанда жазба айтыстың ертеден қалыптастан дәстүрлі мектебінің аса көп болмағаны шындық. Онтүстік аймағындағы қазіргі жазба айтыстардың көбі ақпарат құралдарының үйымдастыруымен өтіп жатса, Сыр бойы ақындары бұл айтысты табиғи түрде дамытып отыр. Яғни мұнда жазба айтыс өмір қажетінен туып отырғаны көрінеді.

Расында да жазба айтыс адамдар арасында рухани қажеттілікке айналған жағдайда ғана қарыштап дами алады. Осындай қажеттіліктен тумаған жағдайда жазба айтыс суырып салма ақындар айтысының схемалық қайталама түріне үқсап шыға келеді. Жазба айтыстың мән-мазмұны өмір философиясын түсіндіруге құрылған кезде ғана оның өзіне тән жанрлық ерекшеліктеріне де жан бітіп, одан әрі жарқырай түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтыс, Алматы: Жазушы, 1965, 5-бет.
2. Айтыс. Бірінші том, Алматы, 1964, 13-бет.

RESUME

**B. SHOIBEKOV (Turkistan)
CREATING WRITTEN AITYS**

This article deals with the situation of aitys and features of its development. In particular analysis of writing aitys's similarity and distinction in the south Kazakhstan and Syrdarya regions.